



МЕДИА ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА. ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕГЕ ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Баспасөз және ТВ құралдарындағы
сұхбат



Журналистік сұхбатты нақты мақсаты бар әңгіме деп жиі атайды. Кейде сұхбат екі адамның арасындағы қарапайым әңгіме түрінде өрбігенімен, басты мақсат – өзіңе қажетті ақпарат пен мәліметті жинау болып табылады. Сұхбат әркез жүйелі түрде әрі журналистің толық қадағалауымен жүргізілуі тиіс. Ол баспасөз бетіне шығатын, әлде электронды түрде жарияланатын сұхбат бола ма – маңызды емес. Бастысы – қызықты әрі сапалы материал. Сонымен қатар, сұхбат кезінде қатысушылардың арасында интеллектуалды пікір алмасу, не болмаса керісінше, қарама-қайшылықтар тууы мүмкін. Осы ретте психологиялық амалдардың қажеті бар. Қайткен күнде де, сұхбат алу – тілшінің міндеті. Сондықтан, ол кез келген жағдайға сақадай сай дайын болуы керек.

Сұхбат қажетті мәліметті нақты дереккөздерден жинаудың негізгі жолы. Ол қандай дереккөздер болуы мүмкін? Мысалы, ең қарапайым әрі жылдам сұхбат – телефон арқылы алынады. Тиімділігі – аз уақыттың ішінде керекті мағлұматты алып, кейбір нәрсені нақтылауға болады. Екінші жолы – студияда кең ауқымды сұхбат ұйымдастыру. Кейде тілшілер қандай да бір дереккөзге жүгіну кезінде, «сұхбаттан» гөрі, «әңгімелесу», «кейбір мәліметті нақтылау» немесе басқа да ыңғайлы сөздерді пайдалануды жөн санайды.

Бұл дәрісте – баспасөз немесе онлайн басылымдарға, аудио және бейне таралымға арналған сұхбатты алу жолдары мен қажетті ақыл-кеңестерді қарастырамыз. Олар «Медиа және Журналистика» оқу құралына енгізілген. Бұл ақпарат журналистика факультетінің студенттері және енді ғана жұмыс істей бастаған тілшілерге арналады. Олай болса, жалпы шарттардан бастайық. Сұхбат – ақпаратты алумен қатар, оны зерттеу де құралы саналады. Жиналған әрбір мәлімет мұқият зерттеліп, тексерілуі тиіс, яғни қандай да бір материалды жарияламас бұрын, тілші қолда бар ақпаратын тағы бір мәрте нақтылайды. Сұхбат кезінде әлдебір адамның жасаған мәлімдемесі оның ақиқат екенін растамайды. Журналистер айтылған мәлімдеменің негізін тауып, оның қаншалықты шындыққа жанасатынын тексеруі тиіс. Ақпарат алғашқы дереккөзден келіп түссе де, барлық мәлімет толығымен зерттеледі.

Сонымен қатар медианың қандай да бір құралы болмасын, сұхбат журналистік жұмыстың басты элементі саналады. Бұған дейін айтылып өткендей, өзге де зерттеу әдістері секілді, сұхбаттың қаншалықты сенімді екені толыққанды тексерілуі тиіс. Өйткені, оқиғаға қатысы бар кейіпкерлермен қарым-қатынас орнату арқылы алынған мәліметті қолданудың арқасында шыққан сұхбаттың артықшылығы өте көп:

- Сұхбат – кез келген ақпаратты тексерудің бірінші жолы.
- Сұхбат арқылы – журналист, журналистің жұмыс істейтін медиа құралы және дереккөз арасында ақпаратты беріп-жеткізу жауапкершілігі орнайды.
- Сұхбат – материалдың маңыздылығын, салмағын және сенімділігін арттырады.
- Сұхбаттың арқасында автор жүргізіп отырған зерттеуі туралы көп біле алады.
- Оқиға кейіпкерімен бетпе-бет жүздесіп, әңгімелесу арқылы оның тұлғалық қасиеттері, яғни мінезі мен болмысын, әдеттерін танып-білуге болады.

Бұл мәліметтер де сұхбат тақырыбын аша түсуге көмектеседі. Адамның бет-бейнесі, көз-қарасы, тіпті сұхбат өтетін орта да маңызды. Осы ерекшеліктердің көмегімен, журналист қарама-қарсы отырған адамның көңіл күйін біліп, оқиғаның жан-жақты ашылуына ықпал ете алады. Сұхбат автор мен бірінші дереккөздер арасындағы диалог іспетті. Кейбір журналистер сұхбатты алудан қашқақтайды. Біріншіден, ұтымды әңгіме шығуы үшін, тәжірибе, әрі дерек беретін адаммен тығыз қарым-қатынас орнату қажет. Жас мамандар да сұхбат алу кезінде өздерін қолайсыз сезінеді. Алайда сұхбатсыз – журналистік оқиға мен зерттеулер толығымен ашылмайды, көрермен не оқырман өз сауалдарына жауап ала алмайды.

Журналистің сауалдарына жауап беретін адамнан сұхбат алудан бұрын құрылатын стратегия – әңгіменің негізі мен себебін зерттеу керек. Барлық ақпарат құралдары таратып жатқан соңғы жаңалыққа байланысты шұғыл арада сұхбат алу үшін, журналист уақыт пен орын талғамайды. Ең бастысы – қажетті ақпаратты алу. Ал басқа жағдайларда белгілі бір ережелерді ұстанған жөн.

Егер әңгіме адамның қызметіне қатысты болса, оның жұмыс орнына және жұмыс уақыттары кезінде ғана хабарласқан дұрыс. Ал егер автор кейіпкердің жеке өмірін баяндамақ



болса, сұхбатты кейіпкердің үйінде өткізуге болады. Осы орайда, адамдар арасындағы қарым-қатынастың бірнеше басты шартын естен шығармағаныңыз жөн:

- Кейіпкерге қолайлы уақытта ғана хабарласыңыз. Адамдар енді ғана ұйқыларынан тұрып, жұмысқа дайындалып жатқан кез, яғни сағат 7-де телефон шалу дұрыс емес. Түскі үзіліс пен кешкі сағат тоғыздан кейін де хабарласу мәдениеттілікке жатпайды.
- Хабарласып отырғаныңыздың себебін бірден толық айтып беріңіз. Аты-жөніңіз бен қандай ақпарат құралының атынан телефон шалып отырғаныңызды да ескертуді ұмытпаңыз. Кейіпкердің мәлімдемесі несімен маңызды, не үшін қажет екенін атап өту керек.
- Егер кейіпкер «жоқ» деп жауап берсе, оны қабылдай біліңіз. Уақытын алғаныңыз үшін кешірім сұрай отырып, алғыс білдіру қажет. Адамды көндіріп, иландырудың қажеті жоқ.
- Кейіпкер бастапқыда қабылдаған шешімін өзгертіп, сізге қайта хабарласуы мүмкін. Сондықтан, өз байланыс номеріңізді қалдыруды ұмытпаңыз.
- Егер кейіпкер сұхбат беруден бас тартпаса, оған қолайлы уақыт пен орын туралы келісіп алу керек.
- Сұхбат алуға кететін уақыт көбіне – 30-40 минуттан аспағаны жөн. Алайда жазу және түсіру құралдарын икемдеп, дайындалуға кететін уақытты ескерсек, сұхбатқа бұдан көп уақыт қажет болуы мүмкін. Қайткен күнде де, сұхбатқа қанша минут қажет екенін алдын ала айтып, сол уақыт аралығында үлгеруге тырысыңыз.
- Балалар қатысатын барлық сұхбаттарға қатысты қатаң заңдар қарастырылған. Сондықтан, кәмелетке толмаған кейіпкерлерге хабарласпас бұрын, редакцияңыздағы басшылық өкілдерімен ақылдасқан дұрыс болады.
- Сұхбат ешкім кедергі келтіре алмайтын жерлерде өтуі тиіс. Екі жақтың ұялы телефондары өшірілуі керек. Журналистің сұхбат кезінде телефонға алаңдауы этикаға жатпайды, әрі сұхбаттың ойдағыдай өтуіне кері әсерін тигізетіні сөзсіз.

Жаңалық сипатындағы сұхбат үшін арнайы орын не уақыт таңдаудың қажеті жоқ. Өйткені, мұндай сұхбаттар аз уақытты алады. Басты міндет – қажетті ақпаратты алу. Жалпы, сұхбатты жүргізу өнерінің негізі – журналистің алдын ала дайындығында. Соның арқасында, жауап беруші кейіпкер әңгіме желісін өз мүддесіне бұра алмайды. Тиісінше, тақырыпты бүге-шігесіне дейін білетін автор өз сұрағына нақты жауап ала алады. Сонымен қатар, журналист сұхбат барысында кездейсоқ айтылған ақпарат не мәлімдеге өте мұқият қарауы тиіс. Журналист алдын ала дайындалып келген жағдайда, тосыннан айтылған әрбір жаңалықты ойша болса да, тез арада сараптап, сауалдар қоя алады. Сонымен автор сұхбатқа қажетті сұрақтар мен өз ұстанымыңызды айқындап алды делік. Дегенмен әңгіме барысында қандай да бір себептермен журналистің жоспары жүзеге аспай да қалуы мүмкін. Осындай сәттерде кәсіби журналисті тосын жағдайларға тез бейімделу қабілеті құтқарады.

Сұхбат кезінде қойылатын сауалдардың басты екі түрі:

- жабық, ондай сауалдарға көбіне «иә» немесе «жоқ» деген жауаптар беріледі;
- ашық, кім? не? қашан? қайда? қалай? неліктен? деген сауалдар.

Сауалдың екі басты түрінің өз мақсат-міндеті бар. Жабық сұраққа көбіне жауап тез беріледі. Ондай жауаптар өңдеуді не болмаса зерттелуді талап етпейді. Тек сұхбатқа негіз беретін ақпарат ретінде пайдаланыла алады. Тәжірибелі журналист ашық және жабық сұрақтарды алма-кезек қодана отырып, арасына үйлесім орната алады. Ұтымды стратегияның арқасында, оқиғаны ашуға септесетін жауаптар алынады.

Журналист оқиғаны толыққанды ашатын сауалдар дайындай білуі керек. Бұл ең маңызды қабілеттің бірі. Әрбір сұрақ алдын ала ойластырылған, әлі логикалық тұрғыдан түсінікті болуы шарт. Кейіпкер бұған дейін айтылған ақпарат немесе мәлімдемелерді растап, не болмаса, керісінше жоққа да шығаруы мүмкін. Тілшінің өз жұмысына қаншалықты тыңғылықты дайындалып, тақырыпты зерттегеніне көз жеткізген кейіпкер, барлық сауалға толыққанды жауап беріп, ақпаратты жан-жақты жеткізуге мүдделі екендігін көрсетеді.

Әдетте сұхбат жаңалыққа негізделген қарапайым сауалдардан басталуы мүмкін. Мысалы: «Конференцияға қатысасыз ба?» немесе «Өзгертулерді қолдап дауыс бересіз бе?» деген



сыңайлы. Осындай сұрақтар шартты, бірақ маңызды әрі айдан анық ақпарат алуға көмектеседі. Сұхбаттың бұл бастапқы бөлігінде, қажетті атаулар мен терминдердің дұрыстығын және басқа да дәйекті мәліметтерді тағы бір тексеріп алуға болады. Бұдан кейінгі кезеңде журналист пікірлер мен көзқарастарға негізделген, толыққанды жауап алуға септесетін ашық сауалдарға көшеді. Сұхбаттың осы кезеңінде кейіпкердің ойымен келіспеуге, пікір таластыруға дайын болу керек. Өйткені журналист ақпаратты алып, жеткізуші ғана емес, ол қолда бар мәліметтені тексеріп, зерттеуші де. Бұл тілші жұмысының басты бөлігі. Дегенмен сұхбат кезінде, дауыс ырғағын көтеріп, не болмаса ашуға берілмеңіз. Өз ұстанымыңызды қорғап, кейіпкердің де әңгіме желісін өзгертуіне жол бермеу керек. Тағы бір маңызды шарт – халық мүддесіне сай, көпшілікті толғандыратын сауалдарды қою. Кейіпкер сіз қойған сұрақтарға әлдебір себептермен жауап бермей қойса, сұхбат тізгінін қолдан шығарып алу қаупі бар, яғни журналист жағдайды бақылауда ұстай алмай қалады. Сондықтан, кейіпкердің сауалға жауап беруден қашқақтап, не әңгіме өзегін басқа арнаға ауыстырмақ ниетін байқасаңыз, ойша келесі сауалдарыңызды дайындап, оларға нақты әрі толыққанды жауап алуға тырысыңыз.

Тәжірибесі аздау жас журналистер бетпе-бет келетін кедергілердің бірі – олар алдын ала дайындалған жоспардан ауытқысы келмейді. Әрине, қажетті сауалдарды алдын ала дайындаудың маңызы зор. Дегенмен құрғақ сауалдарға алынған құрғақ жауаптар сұхбаттың ерекше әрі қызықты шығуына көмектесе алмайды. Сондықтан, кейіпкердің әрбір жауабын мұқият тыңдап, қажет жағдайда жоспарда болмаған, әңгіме барысында туындаған сауалды да қоюға дайын болыңыз. Толыққанды, мағыналы жауап аламын десеңіз, тым ұзақ, шұбалаңқы сұрақ қоймаңыз. Мысалы, кейіпкерге бірден екі-үш сауал қойған дұрыс емес. Тек бір сауал болуы керек. Сонда журналистің де жауапкершілігі артып, алынған жауапты түсінуге, мұқият болуға тырысады. Күрделі сұхбатты одан сайын қиындатудың қажеті жоқ. Студенттер мерзімді басылымдарға қолжазбадан өзге аудио жазба қажет пе деген сұрақтарды жиі қояды. Әрине, керек. Қажет жағдайда, оны сотта дәйек ретінде көрсетуге болады. Көптеген тілшілер ақпаратты аудио тәсілмен жазып алады екен. Ертеңгі күні автордың таратқан ақпараты шындыққа жанасып не жанаспайтыны тексеріле қалған жағдайда, аудио жазбаны қолдануға болады. Сонымен қатар, сұхбат алу кезінде қолжазбадағы кейбір мәліметтер дұрыс болмай қалса, аудио материалға жүгіне аласыз. Дегенмен диктофонға жазып алғаннан гөрі, барлық айтылған әңгімені қойын дәптерге де жазып отырған дұрыс. Диктофон аяқастынан сынып қалуы мүмкін. Егер дыбыс жазбаңыз өшіп қалса, қолмен жазылған сұхбатты қолданасыз. Басты тиімділігі осы. Есте сақтауға болады деп, немқұрайлық танытпаңыз. Кейіпкердің нақты қалай жауап бергенін, қандай сөз айтқанының бәрін есте сақтау мүмкін емес. Нәтижесінде, сұхбат та құрғақ әрі қызықсыз шығады.

Аудио жазбаның кемшілігі – барлық сұхбатты тарқатып жазып, кодтармен белгілеу керек. Кейде жазбаны үтір-нүктесіне дейін толық тарқатудың қажеті болмайды, әсіресе жаңалықтар үшін тұтас сұхбаттың тек бір-екі жері ғана қолданылады. Сондықтан, өзіңізге қажетті сөйлемдер мен ақпараттың кодын түртіп отырсаңыз да болады. Сонда, код бойынша керекті жерді тез тауып алып, нақты не айтылғанын тексеріп аласыз. Кейбір журналистер (көбіне тек бір тақырыпқа жазатын) сұхбатты толығымен тарқатып жазып, кодтарға бөліп тастайды. Алайда оған өте көп уақыт кететінін естен шығармаған жөн. Көбіне жаңалықтар қызметінде бәрін қайта тыңдап отыратын уақыт болмайды да. Бір сағат бойы айтылған әңгімені қайтадан тыңдап, керекті жерлерді бірнеше мәрте тексермес үшін, алдын ала белгілеген пайдалы.

Кейде кейіпкер сауалға жауап бере отырып, оны жарияламауды, көпшілікке көрсетпеуді өтінеді. Журналист үшін, бұл әрине, күтпеген жағдай болары сөзсіз. Кейіпкер мәліметті бере отырып, оның көпшілікке жеткенін қалайтынын білдіреді, алайда кіммен айтылғанын жасыруды сұрайды. Сондықтан, көбіне журналистер дереккөздің атамай, ақпаратты беруге мәжбүр болады. Кейде кейіпкер сұхбатты өзгертіп, не болмаса айтқан сөзінен бас тартуы мүмкін. Оның салдарынан, журналист өз жұмысына зиян келтірмей, сұхбат барысында айтылған әрбір мәліметке мұқият болуы керек. Сұхбат беруші адаммен кездеспей, қажетті ақпаратты электронды пошта арқылы алуға тура келетін кездер де болады. Соңғы кезде, бұл әдіс кеңінен қолдануда. Алайда ақпарат пен жаңалықтарды электронды пошта арқылы жинаудың артықшылықтармен қатар кемшіліктері де бар. Тиімділігі:



- сұхбатты кез келген уақытта растауға болады (өйткені, поштада автор мен дереккөз арасындағы барлық жазба, сауал-жауаптар сақталады);
- уақытты үнемдеуге септеседі;
- сұхбатты шетелдік азаматтан алу керек болса, сағат айырмашылығы мен телефон арқылы хабарласудың ақылы екенін ескерсек, поштамен жазып, хабарласу – қаржыны үнемдеуге көмектеседі.

Сонымен қатар сұхбатты пошта арқылы алудың арқасында, жауап беруші адам сауалдарға толыққанды, әрі нақты жауап бере алады. Өйткені, сауалды бірнеше рет оқыған адам, әрбір жауабын ойластырып жеткізеді. Жазбаның арқасында екі жақтың арасындағы барлық түсініспеушіліктер де жоғалады. Себебі жазбаны қайта тексеріп, нақтылауға болады.

Кемшілігі: мұндай әдіспен жүргізілген сұхбаттағы жауаптар мұқият, алдын ала ойластырылған болады. Кейіпкердің бет-әлпеті, алған әсері белгісіз. Сондықтан, жауаптың шындыққа жанасып-жанаспайтынын сезу мүмкін емес. Сонымен қатар, журналист тікелей сұхбат кезінде туындайтын басқа да сауалдарын қоя алмайды. Кейде поштамен келген сауалдарға, кейіпкерлер жауап та бермей қоятын жағдайлар кездеседі. Есіңізде болсын, электронды пошта арқылы сұхбат кезінде, көбіне жағдайды сіз емес, кейіпкер қадағалап отырады. Поштамен қатар, журналистер телефон не болмаса Skype желісі арқылы хабарласуды жөн санайды. Бірақ, одан бұрын, кейіпкермен алдын ала сөйлесіп, оның рұқсатын алу керек. Құпия түрде мәліметтер жинау не сұхбатты құпия түрде жазу – журналистік этикаға жатпайды.

Негізі қажетті ақпарат не мәлімдемені телефон арқылы алу – мерзімді басылымда жұмыс істейтін журналистер үшін қолайлы. Уақытты үнемдеп, материалды тез арада жариялауға септеседі. Мұндай жағдайларда екі жақ бір-бірінің жауапкершілігі мен адалдығына жүгінеді. Алайда бұған дейін айтылғандай, телефонмен сөйлескенде, автор кейіпкердің бет-әлпетін, көңіл күйін көре алмайды, яғни жүзбе-жүз кездесудің артықшылықтары көп. Осы ретте, Skype секілді бейне қызметі бар мессенджерлерді қолданған ыңғайлы. Соңғы кезде кеңінен қолданылып жүрген подкасттар немесе радиоға арналған стандартты аудио сұхбаттар қысқа, нақты, әрі жүйелі болады. Әсіресе, жаңалықтарға арналған сұхбатта ешқандай артық ақпарат не сөз болмайды. Жаңалықтар қызметінде уақыт – басты құндылық. Сондықтан, ақпараттар қызметі тілшілерінің сауалдары ең көп дегенде, төртеуден аспайды. Егер, сауалдар ойластырылған, өзекті болса, онда 2-3 сауалмен де, толыққанды, нақты жауап алуға болады. Ал қандай да бір бағдарламаға арналған көлемді сұхбат үшін, бірнеше сағаттық дайындық пен көбірек сауал керек. Дегенмен кейіпкерді бірнеше сағат бойы ұстаудың қажеті жоқ. Ұзақ уақыт бойы жазылған сұхбатты кейіннен қысқарту қиын болады. Аудио сұхбаттың форматы мен оның қанша сағатқа созылғанына қарамастан, тілші кейіпкермен кездесуге әркез дайындалып, шағын зерттеу жасауға уақыт бөлуі қажет екенін ұмытпаңыздар.

Жазба не түсірілім басталмас бұрын, кейіпкерге сұхбаттың жүйесі мен құрылымы туралы айтқан дұрыс. Егер сұхбат тікелей эфирде өтсе, кейіпкер алдын ала дайындалуы қажет. Түсірілім басталмастан, бірнеше минут жәй әңгімелесе тұруға болады. Сонда қонағыңыз қобалжымай, әрі оның дауысы қаншалықты анық естіліп тұрғанын тексеруге болады. Осы ретте айта кетерлігі, кейде сұхбатты дайындықсыз өткізуге тура келетін жағдайлар болады. Мысалы, апат орнында тұрған тілші шұғыл арада ақпарат алуы керек. Немесе шенеуніктен қажетті жауап алу керек болған жағдайда, дайындыққа уақыт жоқ. Егер кейіпкер сұхбат беруге келіссе, оның қайда өтетінін анықтап алу керек. Ол студия бола ма, әлде журналист кейіпкерге бара ма, жоқ телефонмен жауап алған ыңғайлы ма? Осының бәрін алдын ала ойластыру керек. Бүгінде радиожурналистер қажетті ақпаратты көбіне өндірістік студиядан телефон арқылы алып жүр. Радио студиясынан жасалған жазбаның сапасы да жоғары деңгейде болатыны белгілі. Ал, кейде, сұхбат үшін дыбыстық фонның болуы маңызды. Мәселен, бейбіт шерулер кезінде алынған сұхбатта, кейіпкердің сөзінен басқа, ар жақтағы қатысушылардың дауысы, басқа да тән дыбыстардың естілуі ақпараттың сенімділігі мен шынайылығын арттырады.

Студияда жазылатын сұхбаттың басты артықшылығы – әңгіме кезінде ешқандай бөгде дыбыстар болмайды, яғни студия өзге дыбыстардан оқшауланған. Әдетте, студияда біраз уақытты талап ететін көлемді сұхбаттар жазылады. Егер, сұхбат беретін кейіпкеріңіз сізбен бір жерде, офисте жұмыс істейтін болса, мобильді және стационарлы телефондарды өшіруді



ұмытпаңыз. Түсірілім не жазба кезінде, бөлмеге ешкім кірмеуі керек. Уақыт тығыз болмаса, еденінде кілемі бар бөлме таңдағаныңыз дұрыс болады. Сонда дыбысты жазу сапасы арта түседі. Қандай жағдай болмасын, журналист сұхбаттың өту барысын қадағалап отыруы керек. Өз ойыңызда сұхбаттың нәтижесі туралы нақты түсінік қалыптастыра алсаңыз, кейіпкер сізге бейімделіп, тақырыптан басқа мәселеге ауытқымайды. Баспасөзге арналған сұхбат кезінде, журналист кейіпкердің сөзімен келісе отырып, не мақұлдаған ишарат білдіріп: «мм» немесе «иә-иә», «дұрыс айтасыз» деген сөздерді жиі қолдануы мүмкін. Ал, аудио не бейне форматта жұмыс істейтін журналистердің ондай әдеттен аулақ болғаны жақсы. Әсіресе, тікелей эфирде артық ым мен сөздің болмауы маңызды. Теріс жағдайда, көрермен не тыңдарман шатасып, тіпті ашулануы да мүмкін. Кей кезде, журналист тарапынан айтылған артық сөздер кесірінен, сұхбат қолданысқа жарамай қалып жатады. Оның орнына, дыбыссыз бір қимыл жасауға болады (егер расымен қажет әлі қолайлы болса). Сұхбат кезінде кейіпкердің көзіне тіке қараңыз. Егер сіз басқа нәрсені ойлап, қонағыңызды селсоқ тыңдап отырғаныңыз байқалса, кейіпкер де айтар ойын ұмытып, толыққанды жауап бермей қоюы мүмкін. Сұхбаттың қызықты әрі өзекті болып шығуы үшін, (кім? не? қашан? қайда? қалай? неліктен?) деген ашық сауалдар әдісін қолдану керек.

Тағы бірнеше ұсыныс:

- материалды дайындау кезінде кейіпкердің ең ұтымды сөздерін мұқият таңдау;
- сұхбат кезінде сабырлы, ұстамды болып, кәсіби маман екеніңізді көрсету;
- сұхбат барысында тек аудио не бейне жазбаға сүйенбей, бәрін қолмен жазып отыру;
- сұхбатқа бөлінген уақытты мейлінше нәтижелі қолдану;
- кейіпкерді мұқият тыңдап, ешнәрсеге алаңдамау;
- сұхбатқа дайындықсыз келмеңіз;
- жеке ойыңызды мойындатуға тырысу немесе кейіпкерді белгілі бір пікірге итермелеген дұрыс емес;
- сұхбатты құпия түрде жазбаңыз;
- құрмалас, шұбалаңқы сауалдар қоймаңыз.

Сұхбат – бұқаралық ақпарат құралдары мен ақпарат дереккөзі арасындағы өзара байланыс іспетті. Сауалдар материалыңызда айтылатын адамдардың атынан, қоғамның атынан қойылса, сұхбат өзекті әрі қызықты шығады. Ол үшін, әркез зерттеу жүргізіп, ізденіп, дайындалыңыз. Тақырыбы толық зерттелген сұхбат – сапалы материал, ал сапалы сұхбаттың негізінде қоғам мүддесі үшін маңызды оқиға жатыр деген сөз.